



Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2024 жылдың 11 қаңтар күнгі №03-105 хатына сәйкес 15 қаңтар – 20 ақпан аралығында Жамбыл облысының 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, ағымдағы жылғы 1-ші тоқсандағы облыстық мәслихаттың кезекті сесиясында «Жамбыл облысы ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлері мен бұқаралық дене шынықтыру, әуесқой және кәсіпқой спортты дамыту, спорттық инфрақұрылымдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мен бөлінген қаржыны тиімді пайдалану бойынша атқарылған жұмыстар туралы» мәселелері бойынша зерделеу жұмыстары жүргізілетіндігін хабарлайды.

Қосымша: 3 парақ тіркеледі.

Басшы

М.Базарова

Орындаған: А.Маджит  
Тел: 87478982499

Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында қаралатын «Жамбыл облысында ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлері мен бұқаралық дене шынықтыру, әуесқой және кәсіпқой спортты дамыту, спорттық инфрақұрылымдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мен бөлінген қаржыны тиімді пайдалану бойынша атқарылған жұмыстар туралы» мәселені зерделеуге арналған

## Ж А Д Ы Н А М А

1. Облыс бойынша спорттық нысандардың жалпы саны, соның ішінде жеке инвесторлардың қолдауымен салынған ірі спорт нысандары, әмбебап спорт және шағын футбол алаңдары, онда қолжетімділігін қамтамасыз етуін және дене шынықтырумен жүйелі түрде шұғылданып жүрген тұрғындар санына талдау жасау.
2. Облыстық, Тараз қаласы және аудандардағы атқарушы органдардың 2022-2023 жылдарға арналған бұқаралық спортты дамыту жоспарларымен танысу және оның орындалуына талдау жасау.
3. Облыста спорт нысандарында тұрғындардың спортпен шұғылданудың арнайы кестесі жасалып, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында, және Тараз қаласы мен аудан әкімдіктерінің ресми сайттарында жариялануы тиіс. Облыста білім беру мекемелерінің спорт нысандарына сабақтан тыс бос уақытта жалпы білім беретін мектептердің спорт залдарын кеңінен пайдалану үшін облыс әкімдігінің спорт және білім басқармалары, Тараз қаласы мен аудан әкімдіктері арасында 3 жақты Меморандум жасалған. Осы меморандумның орындалуын зерделеу.
4. Облыстық спорттық нысандарының құрылысына, күрделі және ағымдағы жөндеуге (салыстырмалы түрде) 2021-2023 жылдарға бөлінген қаражат көлемі, күрделі және ағымдағы жөндеуден өткен, жаңадан пайдалануға берілген нысандар саны, олардың бүгінгі күнге жағдайын зерделеу. Қазіргі уақытта апатты жағдайдағы және күрделі жөндеуді талап ететін спорттық нысандары бойынша мәліметтер.
5. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының (мектептер) спорт ғимараттарының (спортзалдар, кешендер, алаңдар, және т.б.) қамтамасыз етілу көрсеткіші, жай-күйі, техникалық пайдалану жөніндегі санитарлық-техникалық, олардың ішінде апатты жағдайдағы спорт залдары, өрт қауіпсіздігі нормативтері мен талаптарына, жарыстарды өткізу мен оқу-жаттығу процесінің, қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелеріне сәйкестігі, спорт залдары мүлдем жоқтарының саны, тиісті спорттық құрал-жабдықтармен, шешінетін бөлмелермен, жуынатын орындармен, медициналық қызмет көрсету және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілуі, қажетті замануи спорт жабдықтарымен жарақтандырылу жағдайын, оның ішінде ауылдық жерлерде балалар мен ересек тұрғындар үшін дене шынықтыру-сауықтыру және спорт шараларын ұйымдастыру мәселесін зерделеу.
6. Спорт жабдықтары мен мүкәммалдар сатып алуға бюджеттен 2022-2023 жж. бөлінген қаржы, оған сатып алынған спорттық құрал жабдықтардың тізімі, бағасы және қазіргі жағдайы.

7. Жеке кәсіпкерлер иелігіндегі спорт ғимараттарының жағдайы, қазіргі заманғы мүкәммалдар мен жабдықтармен қамтамасыз етілуі, меншік иесіне жағдай төленетін қаржының көлемі.

8. Спорт мектептеріндегі жаттықтырушы-оқытушылардың сапалық құрамы, арнайы жоғары білімі, спорт түрлерінен құрама командалармен жұмыс істеу біліктілігі, әрбір жаттықтырушы-оқытушының дайындаған спортшыларының жетістіктері (*1 разрядты спортшылар, спорт шеберлігіне үміткерлер, спорт шеберлері, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, еңбек сіңірген спорт шеберлерін, әлемдік, халықаралық, республикалық жарыстардың жеңімпаздары*).

9. Жазғы уақытта балалардың денсаулығын жақсартуға бағытталған іс-шаралар, қанша білімгерлер мен оқушылар сауықтырылған, оларға бөлінген қаражаттар, 2022-2023 жылдардың салыстырмалы көрсеткіштері.

10. Білім мекемелерінде сабақтан тыс уақытта бұқаралық-спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының ұйымдастырылуы, оларға тартылған жаттықтырушылардың еңбек ақысын қаржыландыру мәселесі қалай шешілген? Заманауи спорттық жабдықтармен және инвентарлармен қамтамасыз ету мәселесі, бөлінген қаржының тиімділігін және алынған тауардың бағасын зерделеу.

11. 2022-2023 жылдарға (*салыстырмалы түрде*) Тараз қаласы және аудандар әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімдерінің, Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты спорт мекемелерінің («Бұқаралық-спорттық шаралар өткізу орталығы», «Олимпиада» жеткіншектерін даярлау орталығы», «Тараз-Арена» спорт сарайы», «Олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернати-кәмпесі», аудандардағы бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізу орталықтары», «Тараз» кәсіпқой футбол клубы» КМҚК, «Дене мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған спорт клубы» КМҚК, «Жамбыл» кәсіпқой бокс клубы» КМҚК, «Тараз» кәсіпқой волейбол клубы» КММ, «Жоғарғы спорт шеберлер жетекшісі» КМҚК, «Ұлттық спорт түрлерінен «Әулие-Ата» кәсіпқой клубы» КММ, «Жекпе-жек кәсіпқой спорт клубы» КММ, «Бұқаралық спорттық шараларды өткізу орталығы» КММ, облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектептері т.б.), аула клубтары мен дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің, білім басқармасына қарасты орталықтар мен білім беру ұйымдарының, жастар саясаты мәселелері, денсаулық сақтау басқармаларының спортты дамыту мен салауатты өмір салтын насихаттау бойынша атқарған жұмыстары, осы бағытта бөлінген қаражаттардың жұмсалуын зерделеу.

12. Тараз қаласы мен аудандарда ұлттық, бұқаралық және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған спорт түрлері бойынша атқарылған жұмыстарды зерделеу. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың спорттық нысандарға облыс бойынша қол жетімділігін зерделеу.

13. «Street workout» мамандандырылған спорттық алаңқайларын және әмбебап спорт алаңдарын салу және оларды күтіп ұстау бойынша атқарылған жұмыстарды зерделеу.

2022-2023 жылдары балалар (жасөспірімдер, жастар) аула клубтарының және білім беру мекемелері мен жасөспірімдер орталықтары жанында ұйымдастырылған спорт үйірмелері мен секцияларының қызметі, оларды ашу бойынша ұйымдастырылған жұмыстар, бүгінгі таңдағы жағдайы, жасөспірімдер мен балалар арасындағы тәлімгерлердің біліктілік деңгейін зерделеу.

13 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жеткіншектердің балалар жасөспірімдер спорт мектептерінде және дене дайындығы спорт клубтарында денешынықтыру мен спортпен шұғылдануы, барлық жасөспірімдер мен жеткіншектердің жалпы санынан қамтылуы (үлесі).

Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарға дәрігерлер қадағалауды және жарыстарды өткізу барысында медициналық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды зерделеу.

Салауатты өмір салты қағидаттарын насихаттау бойынша атқарылған іс-шаралар, медиа жоспарлардың орындалу барысы. Салауатты өмір салты насихаттау бағытында ұйымдастырылған спорттық іс-шара саны, ата-ана балаларға қатысқан адам саны.

Қазақстан, аудан, ауыл әкімдерінің бұқаралық спорт пен дене шынықтыру саласын дамытуға бағытталған шаралары.

Дене шынықтыру дамытудың бағдарламасы аясында дене шынықтыру және спорт саласына қатысты бағыттары бойынша атқарылған жұмыстарды талдау нәтижесінде оның ішінде:

1) дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санының жалпы халықтың 50% - на дейін жеткізу;

2) дене шынықтырумен және спортпен айналысатын 1000 адамға арналған спорттық инфрақұрылыммен қамтылуы.

3) дене шынықтырумен және спортпен айналысуға қарсы көрсеткіштері жоқ мүмкіндігі шектеулі адамдар қатарындағы дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын ерекше қажетті топтар халықтың үлесі.

4) жастарды спортпен қамту (14-18 жас).

«Спортпен өмір» бағдарламасы аясындағы қызметтердің сапасын арттыру мақсатында шараларға қолайлы жағдай жасау мақсатында кәсіпкерлерге қойылатын талаптардың орындалу барысын (ғимараттың санитарлық жағдайы, ерткізгіштік, бейнебақылау камералары, спорттық және басқа да жабдықтардың болуы) және қызмет көрсетушілердің құжаттарында тіркеліп тұрған балалардың үйірмелер мен спорттық секцияларға түгел қатысу барысын зерделеу.

Дәрігерлер:

**Жамбыл облыстық мәслихатының аппараты**